

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қыркүйектегі N 950 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы

2003 жылғы 25 сәуірде Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын үкіметтері арқылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (бұдан әрі - Достастық) құру туралы құрылтайшылық құжаттардың мақсаттары мен принциптеріне өздерінің адалдықтарын қ у а т т а й о т ы р ы п ,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық

мәртебесін анықтауға қатысты бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, сондай-ақ Достастық органдары қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдем көрсетуге т і л е к б і л д і р е о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мыналарды б і л д і р е д і :

"Достастық органдары" - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1993 жылғы 22 қаңтардағы Жарғысына, Достастық шеңберінде жасалған халықаралық шарттарға, Мемлекеттер басшылары кеңесінің немесе Үкіметтер басшылары кеңесінің шешімдеріне сәйкес Достастыққа қатысушы мемлекеттер құрған не осы сипатта құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін аппараты бар және Достастық органдарының бірыңғай бюджетінен қаржыландырылатын органдар;

"өкілдік орналасқан мемлекет" - аумағында Достастықтың органы немесе оның бөлімшесі орналасқан мемлекет;

"лауазымды тұлғалар" - әрбір Тарапқа бекітілген лауазымдар квотасына сәйкес Тараптардың ұсынысы бойынша Достастық органдары бекітетін тұлғалар;

"қызметкерлер" - жасалатын еңбек шарттарының немесе келісім-шарттардың негізінде Достастық органдарында мамандар ретінде жұмыс істейтін адамдар (өкімшілік-техникалық персоналды қоспағанда);

"өкімшілік техникалық персонал" - Достастық органдарының жұмысына өкімшілік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдар;

"отбасы мүшелері" - жұбайы (зайыбы), жасы кәмелетке толмаған балалар және Достастық органының лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің асырауындағы және онымен тұрақты түрде бірге тұратын адамдар.

2-бап

Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері халықаралық қызметкерлерге теңестіріледі. Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ресми функцияларын атқаруы кезінде Тараптардың өкімет органдарынан немесе ресми тұлғаларынан, сондай-ақ осы Келісімнің қатысушылары болып табылмайтын мемлекеттердің өкімет орындарынан нұсқау алмайды немесе ала а л м а й д ы .

Әрбір Тарап Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мәртебесін құрмет тұтуға және өздерінің ресми функцияларын атқаруы кезінде оларға ықпал етпеуге міндеттенеді.

3-бап

Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын немесе онда тұрақты түрде тұрмайтын Достастық органдарының лауазымды тұлғалары:

1) лауазымды тұлғалар ретінде өздері айтқан немесе жазған және жасаған барлық іс-әрекеттері үшін өкілдік орналасқан мемлекеттің соттық немесе әкімшілік органдарының юрисдикциясына жатпайды, бұған мынадай:

а) лауазымды тұлға басқаратын көлік құралынан туындаған оқиғаға байланысты залалдың орнын толтыру туралы аталған тұлғаға, егер мұндай залалдың орнын толтыру сақтандыру төлемінің есебінен мүмкін болмаса, азаматтық талап қойылған;

б) осы лауазымды тұлғаның әрекетіне немесе әрекетсіздігіне байланысты жеке адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы лауазымды тұлғаға талап қойылған;

в) осы лауазымды тұлға көтерген азаматтық талапқа тікелей байланысты қарсы талап лауазымды тұлғаға қойылған жағдайлар қосылмайды;

2) Достастық органы төлейтін жалақысы және өзге де сыйақылары салық салудан босатылады;

3) иммиграцияға қатысты шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркелуден босатылады;

4) осындай орындар үшін бөлінгенінен тысқары жерлерде сақтағаны немесе тиісті кедендік органның жұмысынан тыс уақытта және осыған ұқсас қызмет көрсетулерді кедендік ресімдегені үшін алымдарды қоспағанда, алғашқы кезде үйдің керек-жарағына арналған мүліктер мен заттар үшін кедендік баждарды, салықтарды және осыған байланысты алымдарды төлеуден босатылады;

5) халықаралық дағдарыстар уақтысында репатриация бойынша дипломатиялық өкілдер қандай жеңілдіктерді пайдаланса, тап сондай жеңілдіктерді пайдаланады.

Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе онда тұрақты түрде тұратын Достастық органдарының лауазымды тұлғаларына 1-тармақ қолданылады.

Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын немесе онда тұрақты түрде тұрмайтын лауазымды тұлғалардың отбасы мүшелеріне 3) және 5)-тармақтар қолданылады.

4-бап

Достастық органдарының қызметкерлері:

1) өздерінің ресми функцияларын тікелей орындау кезінде жасаған іс-әрекеттеріне қатысты өкілдік орналасқан мемлекеттің соттық немесе әкімшілік органдарының юрисдикциясына жатпайды, бұған мынадай:

а) қызметкер басқаратын көлік құралынан туындаған оқиғаға байланысты залалдың орнын толтыру туралы аталған адамға, егер мұндай залалдың орнын толтыру сақтандыру төлемінің есебінен мүмкін болмаса, азаматтық талап қойылған;

б) қызметкердің әрекетіне немесе әрекетсіздігіне байланысты жеке адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы қызметкерге талап қ о й ы л ғ а н ;

в) қызметкер көтерген азаматтық талапқа тікелей байланысты қарсы талап қызметкерге қойылған жағдайлар қосылмайды;

2) иммиграцияға қатысты шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркелуден босатылады.

5-бап

Мемлекеттік қауіпсіздік түсінігі бойынша, егер бұл кіру тыйым салынған немесе реттелетін аймақтар туралы өкілдік орналасқан мемлекеттің заңнамасына қайшы келмесе, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өздерінің ресми функцияларын орындау үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты деңгейде өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағы бойынша жүріп-тұру еркіндігін пайдаланады.

6-бап

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері өкілдік орналасқан мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып, өздеріне тиесілі көлік құралдарын үшінші адамдар алдындағы жауапкершіліктен сақтандыруы тиіс.

7-бап

Достастықтың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді есептемегенде, кез келген басқа қызметпен а й н а л ы с п а у ы т и і с .

Осы Келісімнің 3-бабына сәйкес өкілдік орналасқан мемлекетте салық салудан босатылатын лауазымды тұлғалар, ғылыми, шығармашылық немесе оқытушылық қызметтен кірістер алған жағдайда, осы қызметтерінен түскен жиынтық кірісті мәлімдейді және өкілдік орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес сол кірісінен салықтар төлейді.

8-бап

Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер, оларға жеке бас пайдасы үшін емес, Достастықтың

мүдделері жолында өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз орындауы үшін беріледі.

9-бап

Осы Келісімге сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар өкілдік орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрмет тұтады. Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпайды.

10-бап

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Тараптардың аумақтарында қызметтік куәліктерін пайдаланады, оларды Тараптардың өкімет органдары осы адамдардың мәртебесін куәландыратын құжаттар ретінде таниды.

Өкілдік орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары ұлттық заңнамаға сәйкес, өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне осы Келісімде белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерге арналған құқықтарын растайтын құжаттар береді.

11-бап

Лауазымды тұлғалар, қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері осы Келісімде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді, өзі тағайындалған орынға жол жүру кезінде өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағына келген сәттен бастап немесе олар осы аумақта жүрген болса, өздерінің міндеттерін орындауға кіріскен сәттен бастап п а й д а л а н а д ы .

Лауазымды тұлғаларға немесе қызметкерлерге берілген артықшылықтар мен иммунитеттер, олардың Достастық органындағы қызметі тоқтатылған жағдайда: өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағында тұрақты тұрғын орны бар адамдар үшін - олар қызметтен босатылған күннен бастап, ал қалған адамдар үшін - олар өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағын тастап шыққан сәттен бастап немесе олар қызметінен босатылған күннен бастап 30 күннен кешіктірілместен қолданысын тоқтатады.

12-бап

Достастық органының басшысы жіберуші Тараппен келісімі бойынша лауазымды тұлғаға берілген иммунитеттен, сондай-ақ оның пікірі бойынша иммунитет сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдайда және иммунитеттен бас тарту оның берілуіне байланысты мақсаттарға нұқсан келтірмейтін жағдайда, иммунитеттен б а с т а р т а а л а д ы .

Достастық органының басшысына қатысты иммунитеттен бас тарту құқығы ТМД Үкіметтері басшыларының кеңесіне тиесілі.

13-бап

Достастық органдарында жұмысы тоқтатылғаннан кейін лауазымды тұлғалар, өздерін Достастық органдарына жұмысқа жібергенге дейін айналысқан бұрынғы қызметтеріне немесе ондай қызметтер болмаса, тең дәрежелі қызметтерге орналасу құқығымен, аталған тұлғаларды Достастық органдарына жұмысқа жіберген Тараптардың қарамағына қайтады.

14-бап

Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер оның аумағында жүрген кезде коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсетулердің, қонақүй мен көліктік қызмет көрсету түрлерінің төлемі бойынша өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары сияқты тиісті құқықтарды пайдаланады.

15-бап

Достастық органындағы жұмысы уақтысында қызметкерлерді медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету өкілдік орналасқан мемлекеттің тиісті мекемелерімен жасалған шарттардың негізінде Достастық органдарының қаражаты есебінен жүргізіледі.

16-бап

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек қатынасы Достастық органдары туралы ережелермен және Достастық шеңберінде қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі, аталған құжаттар өкілдік орналасқан мемлекеттің Конституциясына және еңбек заңнамасының негізгі принциптеріне қайшы келмеуі тиіс.

Егер лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің қандай да бір еңбек қатынасы Достастық шеңберінде қабылданған нормативтік құқықтық актілермен реттелмеген болса, онда өкілдік орналасқан мемлекеттің еңбек заңнамасы қолданылады.

Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету өздері азаматтары болып табылатын Тараптар заңнамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте ұлттық заңнамамен белгіленген зейнетақымен қамтамасыз ету - Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері азаматтары болып табылатын Тараптардың тиісті қорларына аталған органдардың

бірыңғай бюджетінен Достастық органдарының ақша аударуы арқылы жүргізіледі. Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне зейнетақы төлеу жөніндегі шығыстарды олар азаматтары болып табылатын Тараптар көтереді.

Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік сақтандыру (қамтамасыз ету) жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау мен төлеу аумақтарында Достастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жұмыс істейтін немесе отбасы мүшелері жұмыс істейтін (тұратын) Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге қатысты шығыстар өкілдік орналасқан мемлекеттің тиісті қорларына Достастық органдарының бірыңғай бюджеті қаражатынан қаржы аудару есебінен жүзеге асырылады.

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жұмыс уақтысы, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жұбайларының (осы мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын) өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағында болу уақтысы олар азаматтары болып табылатын немесе аумағында тұрақты тұратын Тараптардың заңнамаларына сәйкес олардың еңбек өтіліне есептеледі.

17-бап

Достастықтың Экономикалық Сотының судьяларына және олардың отбасы мүшелеріне осы Келісімнің *mutatis mutandis* қағидасы қолданылады, өйткені Достастықтың Экономикалық Сотының қызметін реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актілерде осы Келісімде көзделгеніне қарағанда өзге қағидалар жоқ.

18-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі.

Осы Келісімнің қағидалары мен Достастық шеңберінде бұрын қабылданған құжаттар арасында қарама-қайшылық туындаған жағдайда осы Келісім қолданылады.

19-бап

Осы Келісім бекітілуге жатады. Бекіту грамоталары депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Осы Келісім депозитарийге үшінші бекіту грамотасы сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

20-бап

Осы Келісімге барлық Тараптардың келісімімен өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 19-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделеді. Өзгерістер туралы ұсынысты кез келген Тарап енгізе алады.

21-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін Достастыққа қатысушы кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық. Қосылғаны туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады. Қосылып жатқан мемлекет үшін осы Келісім қосылғаны туралы құжатты депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

22-бап

Тараптардың кез келген депозитарийді жазбаша түрде хабарландыру арқылы осы Келісімнен шығарылады.

Осы Келісімнің қолданысы депозитарий осындай хабарландыруды алған күннен бастап 6 ай өтісімен осы Тарапқа қатысты тоқтатылады.

Мәскеу қаласында 2003 жылғы 25 сәуірде бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Грузияның

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Түрікменстанның

Өзбекстан Республикасының

Украинаның

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы

келісімге Әзірбайжан Республикасының ЕСКЕРТПЕСІ

17-баптың ережелері 1992 жылғы 6 шілдедегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Сотының мәртебесі туралы келісімге Әзірбайжан Республикасы қосылғаннан кейін күшіне енеді.

Әзірбайжан Республикасы

Премьер-министрінің Бірінші орынбасары

**ТМД Үкіметтері басшыларының кеңесі
күн тәртібінің 7-тармағы бойынша
Украинаның мәлімдемесі**

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісім туралы"

2003 жылғы 25 сәуір

Украинаның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімге қол қоюы Украинаның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының халықаралық субъективтілік құқығын мойындағанына әкеп соқпайды.

Украинаның Премьер-министрі